

Қ. Н. Абуғалиев, ФЗИ Ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі № 4 «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысына юрислингвистикалық талдау

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы мәтініне юрислингвистикалық талдау жасалған. Автор термин сөздердің, сөйлемдердің аударылуында жол берілген немқұрайлылықтарды сынға алған.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қаулысы, Қылмыстық кодекс, тілдік тұрғыда саралау, салалық термин, әскери терминдер, қазақша-орысша сөздік, аударма тілі.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі № 4 қаулысында «атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі» жайында баяндалады. Байқап отырғанымыздай, бұл қаулыға сол қабылданған 1995 жылдан бері еш өзгеріс не толықтыру енгізілмеген. Ал, сол кезден бері заң саласындағы елеулі өзгерістердің бірегейі — кодекстердің қайта қабылдануын ескерсек (2014 жылғы), бұл қаулы заңдық және тілдік тұрғыда қайта саралауды қажет ететіні айдан анық.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» № 213-І Заңының 21-бабына сәйкес «Мәжіліске нормативтік-құқықтық актілер жобасы қағаз және электрондық тасымалдағыштармен мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі».

Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 14 ақпандағы «Адвокатура мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын тексеру туралы» № 2 қаулысында егер қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің сәйкеспенділігі құқықтық норманың тұжырымдамалық мазмұнын бұрмаласа және оны бірдей түсіну мүмкін болмаса, мұндай норма Негізгі Заңның 7-бабының 2-тармағымен алып қарағанда, белгіленген тәртіпте Конституцияға сәйкес емес деп танылады.

Аталған қаулыға талдау жасау барысында бірден аңғарғанымыз Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қару айналымына қатысты баптары ескіше (1997 жылғы Қылмыстық кодекспен) көрсетілген. Яғни мұндағы сілтеме берілген Қылмыстық кодекстің 251, 252, 253, 254, 255-баптары 2014 жылғы Кодекспен 287, 288, 289, 290, 291-баптар болып сәйкестендірілуі керек.

Сонымен қатар зерттеу барысында қаулыдағы салалық термин сөздердің қазақ тілді аудармасында олқылықтарға жол берілгеніне көз жеткіздік. Мәтінді аудару кезінде тіл табиғатының, яғни стилінің сақталмауы немесе мәтін сөздерінің тым ресмилік сипат алуы

салдарынан, тұтас мағынаның сапасы солғындап, түсінікке ауыр тиеді. Әдетте мұндай олқылықтарды өзгертіліп, толықтырылып немесе жаңадан қабылданып жатқан заң актілерінен жиі кездестіруге болады.

Мәселен, қаулының 2-тармағындағы завод сөзі осы бәз қалпында орыс тілді нұсқасымен берілген. Ал, кейінгі бекітілген аударма сөздіктерімізде бұл сөз қазақшаға зауыт болып аударылған. Ал, енді бұған керісінше жағдайға мысал келтірсек, практика сөзі тәжірибе болып аударылып, қаулының басында кездесетін судебная практика сөзі сот тәжірибесі болып қате аударылған. Аударма сөздікке жүгінсек, тәжірибе орысша опыт сөзінің тура аудармасы. Сонда әлгі терминді тіркестің қазіргіше дұрыс аудармасы — сот практикасы [1].

Сондай-ақ 1-тармақтағы конкретный случай тікесіндегі случай сөзінің аударма баламасы ретінде жәйт сөзін алған. Алайда бұл жерде жәйт сөзі терминдік тіркестен көрі ауызекі тұрмыстық қолданысқа көп келеді. Демек, мұнда дұрысы жағдай сөзін алып, нақты жағдай деп аударған жөн еді.

3-тармақтағы миномет сөзі граната лақтырғыштық болып аударылған. Бұл термин сөздің Әскери терминдердің қазақша-орысша сөздігіндегі бекітілген аудармасы — граната атқыш [2]. Тіптен осы салаға қатысты оқулықтар мен оқу құралдарында да осылай аударылған. Демек аталған терминнің сәйкессіз аударылуына субъективтік ықпалдың, яғни аудармашының немқұрайлылығының орын алғаны айтпаса да түсінікті.

Сондай-ақ осыдан кейінгі взрывные устройства тіркесі жарылғыш құралғылар деп алынып, қате аударылған, дұрысы — бекітілген сөздік бойынша жарылыс құралғылары болады.

Келесі бір қате аудармаға душар болған 5-тармақтан бастап бірнеше жерде кездесетін виновный сөзінің аудармасы, айыпты деп алынған. «айыпты, айыпкер, айыпталушы» синоним сөздері обвиняемый сөзінің аудармасы екені баршаға аян. Ал, виновный сөзінің дұрыс аудармасы кінәлі сөзі екенін бекітілген сөздіктен білеміз [3].

Сонымен қатар осы қаулының 8-тармағы синхрондық әдіспен аударылу себебінен түсінікке ауыр тиетінін байқадық. Яғни «Под хищением огнестрельного оружия, боевых припасов, вооружения или взрывчатых веществ следует понимать противоправное завладение ими любым способом с намерением виновного присвоить похищенное либо передать его другому лицу, а равно распорядиться им по своему усмотрению иным образом» сөйлемінің аудармасы мынадай – «Заңсыз қолға түсіріп, кез келген тәсілмен айыптының ұрланған заттарды сіңіргісі немесе басқа адамға бергісі келсе, яғни өз білгені бойынша иеленгісі келсе, атыс қаруын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау деп түсіну керек». Енді осы сөйлемді таза аударманың жетегінде кетпей, қазақ тіліндегі ой екпіні, сөйлеу стилі деген заңдылықтарды сақтай отырып аударсақ, төмендегідей түсінікті болып шықпақ: «кінәлінің заңсыз қолға түсіріп, ұрланған заттарды кез келген тәсілмен сіңіргісі немесе басқа адамға бергісі келсе, яғни өз білгені бойынша иеленгісі келсе, атыс қаруын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау деп түсіну керек».

Келесі бір олқылық — ол да аударма тіліне қатысты. Осы қаулының 18-тармағындағы «При рассмотрении дел данной категории судам также следует выяснять и указывать в приговоре приобреталось ли виновным имущество на средства, добытые преступным путем» деген сөйлемнің қазақша нұсқасы былай берілген — «Бұл санаттағы істерді қарағанда сот

айыптының мүліктерді қылмыстық жолмен тапқан қаржыға сатып алынған ба, анықтап, үкімде оны көрсетуі керек». Мұнда да виновный сөзі — айыпты болып аударылуымен қатар, приобреталось ли деген етістік сөзбе-сөз аударыла салған, яғни тілдік-стильдік ерешкелік ескерілмеген. Қазақ тілінің стильдік ерекшелігіне қарай бұл сөйлемді орыс тілінен былай аударған жөн: «Бұл санаттағы істерді қарағанда сот кінәлінің мүліктерді қылмыстық жолмен тапқан қаржыға сатып алған-алмағандығын анықтап, үкімде оны көрсетуі керек».

Сонымен бірге қысқарған сөздер де түзетуді қажет етеді. Мәселен, 19-тармақтағы УПК (уголовно-процессуальный кодекс) қазақ тілінде ҚІЖК болып берілген. 2014 жылғы бұл кодекстің жаңартылуымен бірге аталуы да ҚПК (қылмыстық-процестік кодекс) болып өзгертілді.

Қаулының 3-тармағындағы гладкоствольное охотничье оружие тіркесіндегі гладкоствольное сөзі де бекітілген терминге сәйкеспей, тегіс оқпанды болып аударылған. Бұл жердегі оқпан сөзі ауызекі тілде қолданылатын синоним сөз. Ал, әскери термин ретінде бекітілгені — тегіс ұңғылы сөзі. Сонда бұл тіркестің термин ретінде дұрыс аудармасы тегіс ұңғылы аңшы қаруы болады.

Қорыта келгенде, Жоғарғы Соттың бұл қаулысының қабылданғанына жиырма жылдан аса уақыт өткенін және содан бері ешқандай өзгертулер мен толықтырулар енгізілмегенін ескерсек, жоғарыдағыдай қателердің орын алуын заңдылық деуге де болады. Дегенмен, қай салада болмасын болып жатқан өзгерістерді қаперде ұстап, осындай олқылықтардың белең алмауына жол бермеу бүгінгі интеллигенция өкілдерінің азаматтық борышы.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены результаты юридико-лингвистического анализа текста нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан «О судебной практике по делам о хищении огнестрельного оружия, боевых припасов, вооружения и взрывчатых веществ, незаконном приобретении, ношении, хранении, изготовлении или сбыте их, и небрежном хранении огнестрельного оружия» от 25 июля 1995 г. № 4. Автором выявлены и обоснованы существенные недостатки перевода с русского на казахский язык отдельных терминов и выражений в тексте данного нормативного постановления.

RESUME

To the article the results of юридиколингвистического analysis of text of the normative Supreme Court of Republic of Kazakhstan ruling are driven from 25.07.1995 г. № 4 «About judicial practice in matters about the theft of shooting-iron, ammunition, armament and explosives, illegal acquisition, carrying, storage, making or sale of them, and careless storage of shooting-iron». The substantial lacks of translating are educed an author and reasonable from Russian into Kazakh of separate terms and expressions in text of this normative decision.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Құқық саласының терминдер сөздігі / Құрастырған: М.А. Айымбетов. — Астана, 2009. — 450 б.
2. Әскери терминдердің қазақша-орысша сөздігі. — Алматы, 2003.
3. Бекітілген терминдер сөздігі. — Алматы, 2009.